

FTAXP 373.3
ЭОЖ 14.25.09

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2023-1-4-57-62>

МЕКЕБАЕВА Л.А.,*¹

ф.ғ.к., доцент.

*e-mail: mekebaeval@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-5543-9676

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Андатпа

Мақаланың басты мақсаты орыс тілді аудиторияда қазақ тілін үйрету, оқытып-үйрету және оқытып меңгерту үдерістерінің айырым белгілерін ерекшелеу болып табылады. Тілді меңгерту әдістемелеріне талдау жасалып, олардың тиімді жолдарын үлгі ретінде ұсынады. Оқулық немесе оқу құралдарының тіл меңгерушілер деңгейіне лайықты жазылу қажеттілігі, оқытушының сол оқулықтарды жетілдіре пайдалануы жөнінде ұсыныс-пікірлер айтылады. Мақаладағы өзекті мәселелердің бірі – теориялық тақырыптарды меңгерудің қарапайым әрі шынайы жолдарын табу. Ереже мен тілдік қолданыстағы сәйкессіздікті болдырмау нұсқалары дәйекті дәлелдермен берілген. Мектеп пен жоғары оқу орындары шәкірттеріне арналған оқулық пен оқу құралдарының үдемелі сабақтастығы қазақ тілін меңгертудегі нәтижелі көріністің негізі болатындығына баса назар аудартады.

Тірек сөздер: оқыту, қазақ тілі, меңгеру, ережелер, әдістеме, оқу құралдары.

Кіріспе

Білім беру жүйесіндегі сан түрлі реформалардың қатарынан оқытудың шектен тыс әрекеттерге жүгіндіретін әдістемелік амалдарын да көруге болады. Венн диаграммасы, ЭССЕ, ББҮ, ЖИГСО, Блум таксономиясы, Кубизм, Галереяға саяхат, Инсерт т.б., жалғаса береді. Әсіресе, орыс тілді аудиторияда қазақ тілін оқытып-үйретудің әдістемелік негізі өткен ғасырдың 60-жылдары қалыптасып, күні бүгінге дейін сан 299 алуан ұсыныстармен толықтырылып келеді. Тәуелсіздігімізді алғанға дейінгі орыс мектептері мен жоғары оқу орындарының орыс бөлімдеріне арналған қазақ тілі оқулықтары грамматикалық ережелерді оқытып, сол ережелерге лайықталған жаттығуларды орындату үлгілерін ғана қамтыды. Қазақ тілін оқыту арқылы меңгерту басты мақсатты иеленді. Ережелердің бәрі орыс тілінде ұсынылды. Сабақты орыс тілін жетік меңгерген оқытушы ғана жүргізді. Нәтижесінде оқушы қазақ тілінің қағидаларын орысша меңгеріп шықты. Қазақстан дербес ел болғаннан кейін қазақ тілі Мемлекеттік мәртебе иеленіп, орыс тілді азаматтарға балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында сатылы деңгейде мемлекеттік тілді меңгерту бағдарламалары қабылданды. Бағдарлама негізінде ұжымдық та, жеке тұлғалар тарапынан да баламалы оқулықтар жазылды. Күні бүгінге дейін осы үдеріс жалғасып келеді. Бірақ оқыту барысы сол өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы нәтижелерден асып түскені – шамалы. Балабақшадан қазақша «үйренген» бүлдіршін мектепте он бір жыл қазақ тілін оқып, жоғары оқу орнына келгенде «бастауыш топ» пен «жалғастырушы топқа» іріктеліп жатады. Неге бұлай? Оқулық жеткілікті болса, техникалық құралдармен толық қамтамасыз етілсе, мемлекет тарапынан қаржылық көмек көрсетілсе, жоғарыда аталған әдістемелердің бәрі қолданылса, ең негізгісі, жоғары оқу орнын бітірген оқытушы сабақ берсе, қазақ тілін зейнетке шыққанша үйрете береміз бе?! Осы кілтипанның шешімін табу әр қазақ тілі маманының көкейінде жүрген көкейкесті мәселе екені рас.

Материалдар мен әдістер

Мақалада қазақ тілін оқыту мен үйретудің әдіс-тәсілдері мен деңгейлік жүйесіне талдау жасалып, олардың тиімді жолдары қарастырылған. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін меңгеруге арналған оқу бағдарламалары, грамматикалық анықтамалықтардың, мәтін арқылы оқылым, тыңдалым, жазылым, тілдесім әрекеттерін дамытудың, рөлдік ойындар, диалогтар арқылы сөйлеу дағдысын дамытудың маңыздылығы айқындалды.

Мақалада қазақ тілін оқытуда ең бастысы әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау керектігі, сондай-ақ оқулықтар мен оқу бағдарламаларында жүйелілік пен сабақтастықтың маңыздылығы атап өтілген. Төменде қазақ тілін үйрету барысында жиі қолданылатын әдістер мен қажетті материалдар қарастырылады.

Негізгі ережелер

Талдау нәтижелері қазақ тілін оқытуда кешенді әдістерді енгізу қажеттігін көрсетеді. Тіл меңгерту үдерісінің тиімділігін арттыру үшін оқу бағдарламалары жетілдіріліп, оқыту әдістері жүйелі түрде дамуына көңіл бөлінуде. Қазақ тілін оқыту әдістерін зерттеу, орыс бөлімінің студенттерін оқыту барысында бірнеше маңызды нәтижелер анықталды.

Қазақ тілін екі бағытта оқытып-үйреткен жөн: мемлекеттік тіл және ана тілі дәрежесінде. Өзге ұлт өкілдері үшін қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілді қазақ үшін - ана тілі. Оқулықтардың бәрі (деңгейлік сатысына қарамастан) Қазақстанда туып өскен өзге ұлт өкіліне де, орыс тілді қазақтарға да қазақ халқы туралы, оның салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, отбасылық жағдайы, тарихи тұлғалары баяндалатын шағын мәтіндер үлгісін ұсынып, бірінен соң бірі қайталап отырады. Орысша оқыған қазақ баласы қазақ екенін қазақ тілі сабағын оқығанша білмейтін сияқты көрінеді. Негізінде олардың ана тілінен толық хабары бар екендігі, қазақша лексикалық қорының сөйлесу әрекетіне жеткілікті екендігі ескерілмей, өзге ұлт өкілдерімен деңгейлес қойылады да, өз ойын жеткізуге ықпалын тигізетін мүмкіндіктерге шектеу қойылады. Ал өзге ұлт өкілдеріне киіз үй жабдықтары атауларын, ұлттық тағамдардың жасалу жолдарын талдап ұсынған тапсырмалар қолөнер шеберлері мен аспаздық мамандардың іс-қимылын көз алдыға келтіреді. Сондықтан қазақ тілі сабағы өзге ұлт өкілдеріне қазақ болуды емес, мемлекеттік тілді меңгертуді, ал орыс тілді қазақ үшін ана тілінің шексіз байлығын, еш тілде жоқ заңдылығын, айтылу әуезділігін игертуді мақсат тұтқаны жөн.

Нәтижелер мен талқылау

Сабақ барысында қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімді жақтарын таңдай білу қажет. Қандай әдістеме болмасын, тақырыпты түсіндіру үшін қолданылмайды. Олардың негізгі қызметі сол түсіндірілген тақырып бойынша берілген тапсырмаларды орындату мақсатын ғана қамтиды. Осыған орай, сабақты өту барысы, лекцияны оқу жолдары, жеткілікті немесе жан-жақты түсіндіру сипатындағы әдістемелер кездеспейді. Жаңа тақырыпты меңгерту әдісі жеке мұғалімнің біліктілігіне тәуелді. Бұл тұста өзін жетік меңгермеген тақырыпты біреудің қолданған әдісі арқылы түсіндіре алмайсың. ...Қазақ тілін оқыту әдістемесі – қазақ тілін оқытудағы мұғалімдердің озық тәжірибелерінің қорытындыларына негізделген оқыту әдістерінің жиынтығы туралы ғылыми пән (Әлімжанов Д., Маманов Ы., 1995). Бір сабақта бірнеше әдіс қолдану, бірнеше көрнекілік пайдалану оқушының қай тақырыпты өткенін ұмыттырады. Өзге тілді ортаға қазақ тіліндегі тақырыпты, қазақ тілінің қағидаларын түсіндіру кез келген оқытушының қолынан келе бермейді. Оқушы ұстазының түр тұлғасына қарап бой түзейді, біліктілігіне қарап білім алады. Өзге тілді меңгертудегі оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым, тілдесім секілді әдістемелік әрекеттерді санамалап, рет-ретімен кезектестіріп қолдану мүмкін еместігін мойындайтын уақыт жетті. Айналдырған 45-50 минуттың ішінде тілді меңгертетін бес әдісті қалай қолданып үлгеретіндігі ешбір еңбекте көрсетілмеген. Сондықтан сабақ өтетін ортаның білім деңгейіне орай ыңғайлы әдісті оңтайландырған жөн.

Тілді үйрету, тілді оқытып-үйрету және тілді оқыту үдерістерін оқушының жас деңгейіне қарай бейімдеген орынды. Балабақша мен бастауыш сыныптарда қазақ тілін өзге тілді

өрендерге үйрету арқылы меңгертсе, жоғары сыныпқа дейін оқытып-үйретсе, ал жоғары сынып оқушылары мен студенттерге оқыту арқылы жетілдірсе, тиянақты білім беру жүйесі қалыптасар еді. Оқушы жас кезінде сөздері бір-бірімен байланыспаған сөйлемдері бар қазақшасынан қысылмайды. Білетін сөздерін толық айтып қалуға талпынады. Есейе келе өзгенің сынына ұшырамас үшін аңдап сөйлейді, күмән тудыратын тұста орысша баяндай салады. Өйткені қазақ тілін ауызша сөйлеп үйренген тұлға теориялық тұстарына жете мән бермейді. Мектеп қабырғасында меңгерген «Дүкенде», «Сатушы», «Театрда», «Дәрігерде», «Менің отбасым» т.б. тақырыптардағы сөйлеу қорлары кең аудиторияға енген кезде көмек бере алмай қалады. Енді топ-топқа бөлініп «ойнайтын» сабақтарынан қол үзіп, кәсіби бағыттағы қазақ тіліне бет алған тұста әлі де «бастауыш топтың» құрамында жүре тұруға ұмтылады. Өз бетімен «екі сөздің басын қосып сөйлеуге» сауаттылығы жетпейтіндігінен сескенеді. Сондықтан олардың қазақ тілін оқып меңгеруге тиісті екенін міндеттеп, талап 300 ету деңгейін жоғарылату керек. Әйтпесе, өзге тілді қазақстандықтарға қазақ тілін меңгерту үдерісі «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» тұрақты сөз тіркесінің мәнін иеленіп барады. Салыстырып қараған оқытушыға соңғы 10-15 жылдың көлемінде жазылған оқулықтар мен әдістемелік оқу құралдарында қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық қағидалары сирек ұшырасып, бірімен-бірі байланыссыз берілген мәтіндер, екі-үш сөйлемнен тұратын тапсырмалар, ойланбай-ақ толтыра салатын кесте-сызбалардың басымдық алғаны байқалады. Керісінше, қазақ тілді ортаға арналған орыс тілі мен ағылшын тілі оқулықтары тілдің негізгі үш саласын (фонетика, лексика, грамматика) назардан тыс қалдырмайды. Бұл үш негізсіз сауатты сөйлеп, сауатты жазудың мүмкін еместігін ажыратуға айтарлықтай білімнің қажеті де жоқ. ...Қазақ тілін оқытудың деңгейлік жүйесі дегенде, алдымен, қазіргі қолданыста жүрген «деңгей» ұғымының ара жігін ашып алып, тілді деңгейлік оқытудың ғылымда қалыптасқан екі түріне: тілді оқыту деңгейі және тілдік материалды меңгерту деңгейі туралы айтылады (Қазақ тілді емес мектептерде тілдерді дамыта оқыту әдістері, 2013). Біз осы айтылған деңгейлердің екіншісіне жете мән беріп, әдістеме атаулының бәрін соған қолдануға тырысамыз. Нәтижесінде сұраққа жауап беріп, өзі сұрай алмайтындай деңгейдегі тілдік қатынас формасы қалыптасады.

Оқыту үдерісі жүретін аудиторияға баспасөз бетінен алынған санаулы тақырыптарды қамтитын мәтіндерден гөрі, тіл меңгерушілердің өздері қалап, өздері таңдаған тақырыптарды қамтитын мәтіндер ұсынылғаны тиімді. Тіпті өздері тақырып мазмұнын қамтитын ойларын біріктіріп, біртұтас мәтінге сыйғызып жатса, бірінің ойына екіншісі пікір білдіре алса – оқыту әрекетінің нәтижелі болғаны. Соңғы жылдары өзге тілді ортаға қазақ тілін меңгертудің тиімді әдісі ретінде мәтіндік нұсқа маңыздылық сипат иеленіп, зерттеуші ғалымдардың дәлелді ұсыныстарымен толықтырылып келеді. Бірі: ...Мәтін арқылы сөйлеу әрекеті компоненттерін толық әрі бір-бірімен тығыз сабақтастықта жүргізуге жол ашады. Сөйлеу әрекетінің оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім секілді бөліктері қатар жүргізілетін жұмыстар оқушының ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениетін жетілдірудің қайнар көзі болып саналады, – десе (Оразбаева Ф., 2001), бірі: ...Оқушы тілін дамытуда мәтіндердің атқаратын қызметі өте күшті. Мәтін оқушыға білім береді, мәтін – оқушыны оқуға үйрету құралы, ол ойын, тілін дамытады, тәрбиелейді, қазақша сөйлеуге үйретеді, -дейді (Оралбаева Н., Жақсылықова К., 1978). Лексикалық, грамматикалық тақырыптардың өзі мәтін негізінде түсіндіріліп, мәтін негізінде пысықталуы да қалыпты жүйеге айналып келеді. Бірақ мәтіннің қандай құрылымда берілуі, қандай құрылымда жалғастырылуы туралы әдістемелік ұсыныстарды ұшырастыру қиынға соғады. Өйткені мәтіннің құрылымын анықтайтын – сабақ жүргізуші мұғалім. Мәтіннің тақырыбына бейімділік танытатын – оқушы. Біз мәтінге дейінгі дайындықты ескере бермейміз. Бәрін мәтіннің мазмұны бойынша меңгертпек боламыз. Мәтін мазмұнындағы сөздердің мағынасын толық түсінбеген оқушы қанша оқытсаң да, оны қабылдай алмайды. Сондықтан берілетін мәтіннің жиілік сөздігін жасап, жаңалық сипаты бар сөз тіркестерін түсіне алатындай тапсырмаларды орындағаннан кейін ғана мәтінді ұсынған жөн. Менің тәжірибемде мәтінге дейінгі тапсырмалар, мәтін бойынша оқылым, айтылым, жазылым жұмыстары, мәтінмен мазмұндас шағын мәтіндер, мәтін құрылымы арқылы теориялық тақырыпты меңгерту, мәтінге қосымша оқушының тосын ой-пікірін білу (Рамазанова Ш.Ә., 2017) секілді амал – тәсілдер қалыпты ұстанымға айналған. Әсіресе, мәтінге дейінгі дайындық кезеңі тіл үйренушінің сөздік қорын молайтып (жиілік сөздігін анықтап), мәтін мазмұнындағы ақпараттың маңыздылығынан

алдын ала хабар береді. Бұл әдіс бізді оқыту барысындағы талғампаздыққа, сөйлесу мәдениетін қалыптастыруға жетелейді. Оқушымызды «базарда», «аялдамада», «автобуста» секілді қоғамдық орындарда «сөйлете беруден» арылтады.

Теориялық тақырыптар мен сол бойынша берілетін тапсырмалардың үйлесімділігін сақтай білу де оқыту үдерісінде маңызды қызмет атқарады. Кей тұстарда лексика-грамматикалық тақырыптарға берілген жаттығу-тапсырмалар сәйкес келмей жатады. Мысалы, омонимдік қатар түзетін сөздерді табуға арналған тапсырмаға он шақты сөйлем береміз де, тапсырмаға лайық бір-екі сөзді ғана ұсынамыз. Тіл меңгертудегі басты кемшілік – оқытушы тарапынан жіберілетін қателік. Жалпы қазақ тілі оқулықтарында әлі күнге дейін ерін үндестігінің кері ықпалы берілмей келеді. Қазақ тілінің заңдылығы болып табылатын орфоэпия ережесінде ерін үндестігі айырықша орын алады. Біз сөздің бірінші буынындағы еріндік дауысты келесі буындағы езулік, қысаң дауыстыны айтылған кезде еріндікке айналдырады (кұлын - құлұн, ұзын – ұзұн, өрік – өрүк) деуден танбай келеміз. Әйтсе де, соңғы буынның алдыңғы буынға кері ықпал жасап, айтылғанда еріндік дауыстыға айналдыратынын оқушыға ұсына бермейміз: Бактығұл - Бактұғұл, Бибігүл – Бибүгүл (Исаев С.М., 2007). Егер осы құбылысты өзімізден бұрын оқушымыз байқап, себебін сұрай қалса, оқулықтан көмек таба алмайсыз. Өйткені оқулық – бағыт-бағдар беретін құрал да, оқыту үдерісінің барлық жүгін арқалайтын – оқытушының өзі, оның тәжірибесі, біліктілігі. Қазақ тілінің негізгі салаларында екіұдай тұжырымдарды иеленіп жүрген тақырыптарды өзге тілді ортаға ұсынбаған орынды. Жоғары сынып пен жоғары оқу орнының шәкірттері теориялық тұрғыда салыстырмалы көзқарасқа бейім болады. Сондықтан «көп мағыналы сөздер» тақырыбын өтер алдында әр сөзде бір ғана мағына болатынын түсіндіріп аламыз да, 301 сол пікірімізді жаңа тақырып арқылы жоққа шығарамыз. Келтіретін мысалымыз да санаулы-ақ: адамның басы, таудың басы, өзеннің басы, көйлектің етегі, таудың етегі. Кез келген сөздің екінші мағынасы – ауыспалы мағына. Егер сөздің басы, істің басы, шөптің басы, жаздың басы, қыстың басы, ұрыстың басы, ырыстың басы – бәрі адамның басымен мағыналас дейтін болсақ, сөз мағынасының шегіне жету мүмкін болмас еді. Яғни тақырып дұрыс берілмесе, оған арналған мәтіндер де, тапсырмалар да, айтылым, тыңдалым, тілдесім секілді тілдік әрекеттер де зая кетеді. Дұрыс берілмеген тақырыптың дұрыс еместігін жетілдіре түсіп, дұрыс емес тапсырмаларды орындатуды жалғастыра береміз. Шет тілін оқытып үйретушілердің нәтижелі әдістері – жеке сөздерді көбірек білгізу, сөздік қорын молайтып алып, сөйлеу әрекетіне көшіру. Олар үшін бұл – тиімді әдіс. Себебі тіл үйренуші қате айтып тұрса да, сөйлесу әрекеті бірен-саран адамның арасында жүреді. Ал бізде тіл меңгерту үдерісі әр деңгейлі топтық ортада жүретіндіктен, бәрі қате жібермеуге тырысып, бірінен-бірі басым түсуді қалайды.

Мектеп қабырғасынан он бір жыл қазақ тілін оқып келген өзге тілді шәкіртіміздің қалай оқып келгеніне, оларды қалай оқытқанына назар аудара бермейміз. Қазақ тілін өзге ұлт өкілдері мен орыс тілді қазақ оқушыларына меңгертуге арналған оқу бағдарламаларының деңгейлік түрлерінің арасында сабақтастық жоқ. Сол себепті мектепке арналған оқулық пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда тақырып қайталаушылықтар жиі кездеседі. Оқыту әдістемелері де жас айырмашылықтарына қарамай, бір деңгейде ұсынылып келеді. Ірі қалалардан басқа өңірлерде ғылыми негізделген әдістемелік оқу құралдарына оқытушылардың қолы жете бермейді. Сондықтан қазақ тілін шет тілдерін оқытып-үйрететін түрлі әдістемелік жолдармен оқытқысы келеді. Қазақстандықтар үшін қазақ тілінің шет тілі бола алмайтындығын, қазақ тілінің қарым-қатынас құралы ретінде қолданылу өрісінің кеңдігін ескере бермейді. Басылым беттеріне жариялаған әдістемелік мақалаларына шолу жасасаңыз, қазақ тілін оқытып-үйретудің басты шарттарын педагогикалық-психологиялық тұрғыда қарастырып, оқыту емес, ойландыру үдерісіне көшіп кететіндері жиі ұшырасады. Алайда, жоғары оқу орындарында орыс тілді аудиторияда сабақ жүргізетін оқытушылар мектеп оқулықтарына сараптама жасап, өз оқулықтарын солардың жалғасы ретінде жарияласа, мектеп бітірген оқушы мен студенттің тіл меңгеру деңгейінде айтарлықтай алшақтық байқалмас еді.

Қорытынды

Қазақ тілін орыс тілді ортада оқытуға бағытталған әдістемелік еңбектердің бәрі оқыту үдерісін емес, сол үдерістің қалай жүру керектігін баяндайды. Ал үдеріс оқытушы мен оқушының

арасында жүреді. Әрекет болған жерде бір қалыпта іс тындыру, бір қағидамен сабақ өту мүмкін емес. Сол себепті, қазақ тілін орыс тілді қазақстандықтарға меңгерту үшін әр оқытушы әр әдістемеге бас ұра бермей, бар әдістемелік тиімді тұстарын қамтыған өз әдістемесімен сабақ өткізгені жөн.

Қазақ тілін меңгеру деңгейіне қарай мемлекеттік тіл және ана тілі ретінде оқыту жүйесін дамыту қажет. Коммуникативтік, мәтіндік, интерактивті әдістерді тиімді қолдану арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын жетілдіру маңызды екендігін ескеру қажет.

Қазақ тілін үйретуге арналған материалдардың жүйелілігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, тілді күнделікті өмірде белсенді қолдануға бағытталған оқыту тәсілдерін енгізу маңызды. Тілді күнделікті өмірде белсенді қолдануға бағытталған оқыту тәсілдерін енгізу маңыздылығына ерекше мән беру керек деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1995. – 223 б.
2. Қазақ тілді емес мектептерде тілдерді дамыта оқыту әдістері. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы «Ұлттық білім академиясы», 2013. – 240 б.
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2001. – 175 б.
4. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1978. – 164 б.
5. Рамазанова Ш.Ә. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 218 б.
6. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы: «Өнер» бапасы, 2007. – 260 б.

REFERENCES

1. Älimjanov D., Mamanov Y. (1995) Qazaq tilin oqytu metodikasy. Almaty: Mektep, 223 b. (In Kazakh).
2. Qazaq tildi emes mektepterde tilderdi damyta oqytu ädisteri. Astana: Y. Altynsarin atyndağy «Ülttyq bilim akademisy», 2013. 240 b. (In Kazakh).
3. Orazbaeva F. (2001) Tildik qatynas: teoriasy men ädistemesi. Almaty, 175 b. (In Kazakh).
4. Oralbaeva N., Jaqsylyqova K. (1978) Orys tildi mektepterde qazaq tilin oqytu ädistemesi. Almaty, 164 b. (In Kazakh).
5. Ramazanova Ş.Ä. (2017) Qazaq tili: oqu qūraly. Almaty: Qazaq universiteti, 218 b. (In Kazakh).
6. İsaev S.M. (2007) Qazaq tili. Almaty: «Öner» bapasy, 260 b. (In Kazakh).

МЕКЕБАЕВА Л.А.,*¹

к.ф.н., доцент.

*e-mail: mekebaeval@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-5543-9676

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация

Основная цель статьи заключается в выделении отличительных признаков процессов обучения и преподавания казахского языка в аудитории с русским языком обучения. Излагаются рекомендации о необходимости написания учебников или учебных пособий, соответствующих уровню языковедов, в использовании преподавателем этих учебников для их усовершенствования. Одним из ключевых вопросов в этой статье является поиск простых и легких способов изучения теоретических тем. Правила и варианты предотвращения существующего несоответствия языка представлены последовательными доказательствами. Непрерывная преемственность учебников и учебных пособий для школьников и студентов подчеркивает важность эффективного изучения казахского языка.

Ключевые слова: обучение, казахский язык, освоение, правила, методика, учебные пособия.

MEKEBAYEVA L.A.,*¹

PhD, associate professor.

*e-mail: mekebaeval@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-5543-9676

¹Kazakh National University named after al-Farabi
Almaty, Kazakhstan

MODERN TRENDS AND DIRECTIONS OF TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract

The main purpose of the article is to highlight the hallmarks of the processes of teaching and teaching the Kazakh language in an audience with the Russian language of instruction. Recommendations are made on the need to write textbooks or teaching aids that correspond to the level of linguists, in the use of these textbooks by the teacher to improve them. One of the key questions in this article is finding simple and easy ways to explore theoretical topics. The rules and options for preventing existing language mismatch are presented by consistent evidence. The continuous continuity of textbooks and teaching aids for schoolchildren and students emphasizes the importance of effective study of the Kazakh language.

Key words: teaching, kazakh language, training, rules, methods, study guides.